

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2015 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1421 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 560 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2015 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1421 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 88-89, 730-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2015 жылға арналған жоспарында: реттік нөмірі 10-жол алып тасталсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 18-1-жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | |
|------|---|----|-------|-------|-------|----------------|
| 18-1 | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ЭМ | Ақпан | Сәуір | Тамыз | Б.М. Жақсалиев |
|------|---|----|-------|-------|-------|----------------|

»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*